

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ



Профессор С.М. Жақыповтың  
туғанына 65-жыл толуына арналған  
«ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ:  
БАСТАУЫНАН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА ДЕЙІН»  
атты Халықаралық ғылыми конференцияның  
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ  
международной научной конференции  
«СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПСИХОЛОГИИ:  
ОТ ИСТОКОВ К СОВРЕМЕННОСТИ»,  
посвященной 65-летию со дня рождения  
профессора С.М. Джакупова

MATERIALS  
of International Scientific Conference  
"CONTEMPORARY ISSUES OF PSYCHOLOGY:  
FROM THE BEGINNINGS TO MODERNITY",  
dedicated to the 65th anniversary of  
Professor S.M. Dzhakupov

Алматы  
29 сәуір 2015 ж.

ДАМЫТУ.....	74
<i>Измагамбетова Р.М., Елдеспаева Г.А.</i> ОСОБЕННОСТИ ПРОЯВЛЕНИЯ ЧУВСТВА ОДИНОЧЕСТВА У ПОДРОСТКОВ.....	78
<i>Камзанова А.Т., Жолдасова М.К., Лиясова А.А.</i> ГУМАНИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ В ВУЗЕ ПОСРЕДСТВОМ ГЕШТАЛТ-ТЕХНОЛОГИЙ.....	81
<i>Кудайбергенова Г.К., Кудайбергенова С.К.</i> КОРРЕКЦИОННАЯ РАБОТА С АГРЕССИВНЫМИ ДЕТЬМИ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА.....	85
<i>Надырбекова Э.А., Керимбекова Г., Молдабек Г.</i> БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ.....	89
<i>Таумышева Р.Е., Байкелова Б.Ә.</i> АНАЛИЗ ПРОБЛЕМ АДАПТАЦИИ ШКОЛЬНИКОВ СРЕДНЕГО ЗВЕНА.....	92
<i>Шпанова А., Қалымбетова Э.К.</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТА ЖӘНЕ КІШІ БИЗНЕСТІ ДАМУҒА ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	95
<i>Стыбаева А.Ш., Оралымбетова Г.У., Байдалиева А.М.</i> БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУҒА АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ САНА СЕЗІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	101
<i>Утеуова А.А., Исабаева С.Б.</i> ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ СУИЦИДАЛЬНОГО ПОВЕДЕНИЯ ПОДРОСТКОВ.....	104

### 3 Секция ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯ: МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТҰЛҒАНЫ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

33

#### Секция 3 СОЦИАЛЬНАЯ ПСИХОЛОГИЯ: ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ КУЛЬТУРЫ И ЛИЧНОСТИ

<i>Абдрашитова Т.А., Абрелова М.М.</i> ПРОФАЙЛИНГ КАК ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ АНТИТЕРРОРИСТИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ.....	107
<i>Жымстан К.С., Қалымбетова Э.К.</i> ЖЕТІМ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	109
<i>Ахметжанова М.Б., Есмуратова А.</i> ЖАСӨСІПРІМДІК ШАҚТАҒЫ ТҰЛҒАНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ТАЛУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	114
<i>Аяганова А.Ж., Дильманова Г.</i> ЖАСТАРДЫҢ АГОДЕСТРУКТИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	117
<i>Аяганова А.Ж., Жалтырова А.</i> ЖАСТАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘНІ.....	122
<i>Бекова Ж.К.</i> ЛИЧНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННЫЙ ПОДХОД СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ АДАПТАЦИИ ИНОСТРАННЫХ СТУДЕНТОВ.....	124
<i>Бердібаева С.Қ., Гарбер А.И., Тахиева Ф., Садыкова Н.М., Мамжанова М.</i> ШЕТ ЕЛДЕ ТҰРАТЫН ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАҒДАРЛАНУЫН ЗЕРТТЕУ.....	128
<i>Герасимова В.В.</i> АГРЕССИЯ КАК ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕФОРМАЦИЯ ЛИЧНОСТИ ВОЕННОСЛУЖАЩИХ.....	132
<i>Романова Н.М., Бердібаева С.К., Тахиева М., Файзулина А.К.</i> ГЕНДЕРНЫЕ И ВОЗРАСТНЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ В СТРУКТУРЕ ВОВЛЕЧЕНИЯ ПОДРОСТКА В КРИМИНАЛЬНУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ.....	134
<i>Джумажанова Г.К., Дакина Г.Т.</i> СТУДЕНТТЕР ТҰЛҒАСЫНЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ СФЕРАСЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ.....	138
<i>Мамжанова М., Дүйсенбеков Д.Д.</i> ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫ.....	142
<i>Каденова З.А.</i> ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІҢ ТҰЛҒА ДАМУЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....	144
<i>Карабалина А.А., Жиенбаева Б.Б.</i> СОЦИАЛЬНЫЕ МЕХАНИЗМЫ ЯЗЫКОВОЙ КОММУНИКАЦИИ.....	147

<i>Құдайбергенова С.К., Садықова Н.М.</i> ТҰЛҒАНЫҢ ӨЗІНДІК АНЫҚТАУЫ ӘЛЕУМЕТТЕНУДІҢ ӨРІСІНДЕ.....	150
<i>Мадалиева З.Б., Бейсеубаева Р.А.</i> ОБ ОСОБЕННОСТЯХ ПРОЯВЛЕНИЯ ПОТРЕБНОСТНО-МОТИВАЦИОННОЙ СФЕРЫ ЛИЧНОСТИ ПРИ КОМПЬЮТЕРНОЙ АДДИКЦИИ.....	154
<i>Мандыкаева А.Р., Байсарина С.С., Садембай Н.А.</i> ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ БАЛАЛАР ҮЙІНДЕГІ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ЖАҒДАЙЛАРЫ.....	157
<i>Мандыкаева А.Р., Оңайғалиева А.Р., Давлетова Ш.</i> АТА-АНА МЕН ЖЕТКІНШЕК АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	162
<i>Надырбекова Э.А., Аманулла А., Қожанова А.</i> БАЛАЛАРДАҒЫ АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ КӨРІНУІНЕ ӨСЕР ЕТЕТІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР.....	166
<i>Надырбекова Э.А., Қожанова А., Аманулла А.</i> ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫДАН ШЫҚҚАН ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	170
<i>Надырбекова Э.А., Молдабек Г., Керімбекова Г.</i> ИНТЕРНЕТКЕ ТӘУЕЛДІЛІК ТАНЫТАТЫН ЖАСӨСПІРІМДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНА ӨСЕРІ.....	174
<i>Надырбекова Э.А., Жолдасова М.К.</i> ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА ЗЕЙІН ҚАСИЕТТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	178
<i>Төскенбай Ф.Б., Қалымбетова Э.К., Төлегенова А.А., Ман С.Chung, Баймолдина Л.О.</i> КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНДАРҒА ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	181
<i>Турсынбаева Б.З., Жұбаназарова Н.С.</i> СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТЕНУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ЭМОЦИЈАЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРДІҢ ДАМУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	185
<i>Рәзілбек Е.Н., Талдыбекова Ә.А.</i> ТҰЛҒАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАҒА БАЙІМДЕЛУІНЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ҮҚПАЛЫ.....	187
<i>Сабыржанқызы Ж., Алдажарова М.А.</i> ЛИЧНОСТНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПОДРОСТКОВ С ДЕЗАДАПТИВНЫМ ПОВЕДЕНИЕМ.....	190
<i>Сарсенбаева Б.Г., Махметова Н.К., Рахимжанова А.Б.</i> ВЗАИМОСВЯЗЬ СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ АДАПТАЦИИ СТУДЕНТОВ И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО САМООПРЕДЕЛЕНИЯ.....	193
<i>Тахирева Ф.А., Беркімбаев Р.М., Токтарбай А.С.</i> ИЗУЧЕНИЕ РОЛИ СОЦИАЛЬНОГО ОПЫТА ПРОЖИВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН КАК ФАКТОРА ФОРМИРОВАНИЯ ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТАЦИЙ У НЕМИЦЕВ- ПЕРЕСЕЛЕНЦЕВ.....	197
<i>Талдыбекова Ә.А., Кабакова М.П., Ман С.Chung</i> ЭМОЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ И ПОСТТРАВМАТИЧЕСКИЙ РОСТ.....	204
<i>Сулейменов С.А.</i> СОЦИАЛЬНО – ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ ОСУЖДЕННЫХ В ПЕНИТЕНЦИАРНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ.....	207
<i>Талдыбекова М.С., Қалымбетова Э.К., Кабакова М.П.</i> М. МАҚАТАЕВТЫҢ ПШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ДАРЫНДЫЛЫҚ ФЕНОМЕНІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН СИПАТЫ.....	210
<i>Тоқсанбаева Н.К., Мадалиева З.Б., Жасұзақова С., Тұрғынбек Ғ.</i> ҚАЗАҚ ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕЛЕУ СТИЛІ МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ МІНЕЗ- ҚҰЛЫҚ АҚЦЕНТУАЦИЯСЫНЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ.....	215
<i>Төлегенова А.А., Жақупов М.С.</i> К ВОПРОСУ ОБ ЭМОЦИОНАЛЬНОСТИ В СТРУКТУРЕ ЛИЧНОСТИ.....	219
<i>Турсунгожинова Г.С.</i> СУИЦИДАЛЬНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ ПОДРОСТКОВОГО ВОЗРАСТА.....	224

оның мақсатқа бағыттылығы мен артықтығы ретінде алға басып, адам іс-әрекетінің өнімділігі мен жемісті ағымына себепші болады. Сонымен қатар адамның әртүрлі сенсорлық ақпаратты пайдалану мен қайта өңдеудің, қабылдаудың танымдылығымен қамтамасыз ететін, сондай-ақ адамдардың басқа адамдармен қарым-қатынасындағы іс-әрекеттің мақсатқа бағытталған және ұйымдастырылған танымдық психологиялық процесс.

Жоғарыда айтылған пікірлер бойынша зейінді қарым-қатынас процесіндегі маңызды компоненттердің бірі деп айтуға болады.

Жоғары сынып оқушылардың қарым-қатынас және оқу іс-әрекетінде зейіннің әр түрлері мен қасиеттері көрініс табады. Яғни, зейіннің шоғырлануы, тұрақтылығы, ауыспалығы, көлемі, бөлінуі барлығы оқушылардың күнделікті қатынасынан көрінеді. Мысалға келтіретін болсақ, оқушының белгілі бір оқу іс-әрекетін орындау барысында зейіннің тұрақтылығы мен шоғырлануы сырттан келген кедергі болса да өз әрекетін ары қарай жалғастыруына мүмкіндік береді. Ал зейіннің тұрақсыздығы қабылдаудың анықтығын, нақты есте сақтауды төмендетеді.

Қорыта келгенде, қарым-қатынаста адамдар өзін көрсетеді, өзі үшін және басқалар үшін психологиялық қасиеттерін аша түседі, соның негізінде қарым-қатынас қалыптасады. Адамдармен қарым-қатынаста адамның адамзаттық тәжірибені игеруі, қалыптасқан мораль, құндылықтар, білім мен іс-әрекет түрлерін игеруі, жеке адам және дара адам түрінде қалыптасуы іске асырылады. Яғни қарым-қатынас адамның психологиялық дамуының маңызды факторы. Жалпы алғанда қарым-қатынасты былай анықтауға болады: адамның бүкіл өмірі барысында психикалық процестері мен мінез-құлқы қалыптасатын жап-жақын шындық. Зейін оқушылардың оқу іс-әрекетіндегі, барлық іс-әрекет түріндегі қарым-қатынасының және күнделікті қарым-қатынасының маңызды психологиялық факторы болып табылады. Зейіннің қасиеттері қарым-қатынас пен адамдардың өзара қатынасының қажетті психологиялық компоненті бола отырып, айналадағы адамдармен байланысының тереңдей түсуіне мүмкіндік туғызады. Қарым-қатынас процесінде өз ойын жеткізу мен басқа адамның ойын жеткізуде зейіннің маңызы өте зор.

#### Әдебиеттер

1. Выготский Л.С. Вопросы детской психологии. – СПб.: Союз, 1999. - 224 с.
2. Добрынин Н.Ф. О селективности и динамике внимания // Вопросы психологии. – 1975. - №2. - С. 68-80.
3. Гальперин П.Я., Кабыльницкая С.Л. Экспериментальное формирование внимания. - М.: Изд-во Моск. ун-та., 1974. - 100 с.
4. Лурия А.Р. Основы нейропсихологии. - М.: МГУ, 1973. – 374 с.
5. Страхов И.В. Страхов В.И. Психология внимания. - Саратов, 1992. - 210 с.
6. Кабыльницкая С.Л. Экспериментальное формирование внимания. - М.: Издательство: Директ-Медиа, 2008 - 223 с.
7. Гиппенрейтер Ю.Б. Деятельность и внимание / В кн.: А.Н. Леонтьев и современная психология / под ред. А.В. Запорожца и др. - М.: МГУ, 1983. – С. 165-177.
8. Сеченов И.М. Избранные философские и психологические произведения. - М.: Госполитиздат, 1957. - 236 с.
9. Павлов И.П. Полное собрание сочинений. — М.: Изд-во АН СССР, 1952. — Т. 1. - 210 с.
10. Ухтомский А.А. // Собр. соч. - Л.: Изд-во АН СССР, 1951. - Т. 2. - 180 с.
11. James, W. Principles of psychology. - N.Y.: Holt, 1890. – 460 p.
12. Обухова Е.Ю. Регуляция внимания у детей 5-7 лет здоровых и с нарушениями развития: дис... канд. психол. наук. - М., 2009. – 162 с.
13. Соколов Е.Н. Механизмы памяти. - М.: МГУ. – 1969 – 174 с.
14. Robbins, T.W., & Everitt, B.J. Arousal systems and attention. In M.S. Gazzaniga (Ed.), The cognitive neurosciences. - London: The MIT Press Cambridge, 1995. – P. 703-721.

## ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: БАСТАУЫНАН ҚАЗІРГІ ЗАМАҢҒА ДЕЙІН

15. Pribram, K.H., & McGuinness, D. Attention and para-attentional processing. Event-related brain potentials as tests of a model. – N-Y.: Acad Sci, 1992. – P. 65-92.

16. Жакыпов С.М. Жалпы психология негіздері. – Алматы: Алла прима, 2012. - 203 б.

\*\*\*

Мақалада жоғары сынып оқушыларының қарым-қатынаста зейін қасиеттерінің ерекшеліктері қарастырылды. Сонымен қатар, қарым-қатынас пен зейін мәселелеріне жеке теориялық талдаулар жасалды.

\*\*\*

В статье рассматривается роль особенностей внимания в общении старшеклассников. А также проводится теоретический анализ проблем внимания и общения.

\*\*\*

In article is discussed a role of attention in communication between high school students as well as the theoretical analysis of the problems of attention and communication is provided.

*Ф.С. Өскенбай  
Э.К. Қалымбетова  
А.А. Төлегенова  
Man C.Chung  
Л.О. Баймолдина*

## КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНДАРҒА ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Адамзат тарихында осы уақытқа дейін үш ақпараттық төңкеріс болды. Біріншісі - жазуды ойлап тапқанда, екіншісі – кітап басу пайда болғанда болса, бүгінгі таңда адамзат үшінші ақпараттық төңкерістің басында тұр, ол - ғаламдық компьютерлік Интернет желісінің пайда болуымен байланысты. Адам өмірінде компьютер, телефон, телевизор, автокөлік сияқты технологиялар орын алды. Интернет, бұл - желі, өз заңдары мен уақыт өлшемі бар ерекше тартымдылығы бар виртуалды әлем.

Ақпараттық технологиялар дамыған сайын, ол адамзат баласына өзіндік игіліктерімен қатар, түрлі проблемаларын да алып келуде. Қазіргі кезде адамдарда виртуалды әлемге, интернетке, компьютерлік ойындарға деген тәуелділік пайда болды. Бұны психологияда «интернет - аддикция» немес компьютерлік интернет ойындарға тәуелділік деп атайды. Аддикция дегеніміз - бір нәрсеге деген тәуелділік. Бұл бүтінде қоғам үшін де, ата-ана үшін де, жеке тұлға үшін де үлкен проблемаға айналып бара жатыр [1,2].

Аддиктивті тұлға өз ұмтылыстарында мәселеден құтылудың – жан сақтаудағы өзінің әмбебап, бірақ, біржақты тәсілін іздейді. Аддиктің табиғи бейімделушілік мүмкіндіктері психофизиологиялық деңгейде бұзылған. Бұл бұзылыстардың бірінші белгісі психологиялық ыңғайсыздық (дискомфортты) сезімі. Психологиялық комфорт әртүрлі, ішкі және сыртқы себептерден бұзылуы мүмкін. Өмірде әрқашан көңіл-күй бір түсіп, бір көтеріліп отырады, бірақ, бұл жағдайларды индивидтер әртүрлі қабылдап оларға әртүрлі жауап береді. Біреулері тағдыр тәлкегіне қасқая қарсы тұрып, болып жатқан істер үшін өзіне жауапкершілік алып, шешім қабылдаса, басқалары көңіл-күйі мен психофизикалық тонусының қысқа уақыттық және болар болмас өзгеруін басынан әрең өткізеді. Мұндай адамдардың фрустрацияны бастан өткізуі төмен болады. Олар психологиялық комфортты қалпына келтіру тәсілі ретінде психикалық жағдайын жасанды өзгертіп субъективті жағымды эмоциялар алуға ұмтылады. Осылайша, мәселенің шешілгендік иллюзиясы пайда болады. Шындықпен күресудің мұндай тәсілі адамның іс-әрекетінде бекіп, шындықпен қарым-қатынас жасаудың тұрақты стратегиясына айналады [3, 4, 5, 8].

## ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: БАСТАУЫНАН ҚАЗІРГІ ЗАМАҢҒА ДЕЙІН

Енді негізінен компьютерлік ойынға тәуелді болып қалатын адамдардың мінез-құлқы мен әдеттеріне тоқтала кетейік. Әдетте, компьютерлік ойындардан арқандаулы бұзаудай шыр айналып шыға аймай қалатындар өзіне сенімсіз, жалтақ, жуас, жесе жүретін бұйығы балалар. Ол айналасындағы адамдардан дос таппай, іштей өзін жалғыз, қорғансыз, керексіз сезінетіндіктен ол қоғамнан оқшауланып, өзінің әлемін – виртуалды әлемді ашады. Виртуалды әлем шын мәнінде жоқ, иллюзиялық дүние болғанымен, ол сол ғажайып ғаламда «өмір сүреді». Сондай-ақ, компьютерлік ойындарға тәуелділік бойында құмарпаздық, еліктегіштік, өз еркін билеу дәрежесі төмен мінез-құлқы тән адамдарды тез меңдейді. Тәуелділіктің бұл түріне, әсіресе балалардың өтпелі кезеңінде тез бейімделеді. Өйткені, дәл осы кезең - ата-анасының кейбір шектеулерімен келіспей, ер жеткендігін мойындатқысы келіп, өзінше әрекет етуге ұмтылатын кезең болып есептелінеді. Сондықтан да, ол ата-анасы қол сұға бермейтін виртуалды, жұмбақ әлемге кіріп алып, содан шыққысы келмейді. Компьютерлік ойындардағы бәрін қиратып, түп орнымен жоқ қылып жібере алатын, бәрі қолынан келетін ғажап күші бар, ержүрек батырдың кейпіне еніп алған ойыншы өзін кек алушы, билеуші, билік айтушы, не істесе де өзі білетін еркін адам ретінде сезінеді. Ойыншы компьютерлік ойында «бас батыр» ретінде қаратып, өртеп, ұрып жығып жеңіске жеткен сайын адреналин көтеріле түседі, ал егер ол көтерілмей қалса, өзін жаман сезінетін ауруға тап болады. Сондықтан ол енді күнделікті осы ойыннан адреналин алу үшін виртуалды ойынға құмарланып, іздеп тұратын болады. Кейде компьютерлік ойыннан апталап, айлап бас көтермейтін жастар шынайы өмір мен компьютердегі қиял әлеміндегі өмір екеуінің ара жігін ажырата алмайтын да жағдайға тап болып, сүйікті ойындарында басты кейіпкер кісі өлтірушілер, басқыншылар, басқа планеталықтар, жындар, шайтандар болса, ойындағы қатыгездікті өмірде де жасағысы келеді. Бұл – жастарды кісі өлтіріп, тонап, өртеп жіберуге итермелейтін тағы бір психологиялық фактор. Өрине, компьютерлік ойынның бәрі бірдей зиянды деуден аулақпыз. Алайда, сол қарапайым ғана ойын қай кезде қатыгездікке бастайды немесе адамды дертке душар қылатын ауруға ұласады деп, қол қусырып отыра беруімізге болмайды.

Бастапқыда компьютерлік ойын кімге болса да қызық тәрізді. Барған сайын өзіне тарта түседі. Бұл – қалыпты нәрсе. Біраз адамдар осымен ғана шектеледі. Ал екінші топ өзінің бүкіл бос уақытын осы компьютерлік ойындарға сарп етеді. Қолы қалт еге қалса, виртуалды әлемге еніп кеткісі келіп тұрады. Ал ауруға айналған кез деп адам мына өмірден қол үзіп, өзінің орнын тапшай, ешкіммен байланысқа түспей, томаға тұйықталып, бүкіл уақытын тек ойынға арнаған кезді айтуға болады. Егер компьютер ойындарына құмарлықты шектеуге кенес берсеңіз, ол өзін жайсыз сезініп, айналасындағылармен жанжалдасуға дейін баралы. Осыдан барып компьютерлік ойынға тәуелділік пайда болады. Компьютерлік ойынға тәуелді адамдарды қандай белгілері арқылы ажыратуға болады:

– компьютерді қосқан кезде керемет ләззат алып, виртуалды әлеммен байланысқа түскенше байыз таппай кететін адамдар;

- ойынға отырса дүниені ұмытып, қанша уақыт өтіп кеткенін білмей қалатындар;
- әр сөз сайын ойынды одан ары қарай ұзартып, тоқтай алмай ойнай бергісі келетіндер;
- ойнау мүмкіндігі болмай қалған кезде өзінен-өзі ашуланып, өзін жайсыз сезініп, құлазып жүретіндер;

– компьютермен ғана сырласып, адамдармен сыыспай, жолдас-жораларымен, ата-анасымен керісін қала беретіндер.

Міне, бұл ойынқұмарлардың мінез-құлқына тән белгілер. Ал олардың сырқаттығын білдіретін сыртқы белгілер мынандай:

- Көздің құрғауы;
- Тәбеттің болмауы;
- Марғаулық;
- Ұйқының бұзылуы.

## ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: БАСТАУЫНАН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА ДЕЙІН

Компьютер ойынына тәуелділіктің арақ, шпльым, есірткіге тәуелділік сияқты адамға денсаулығына қауіпті жақтары да бар. Мұнда адам жүйкесінің дертлілігі, қалыптан ауытқып кетуі жатыр. Тіпті компьютер басында отырып инфаркт, инсульт алған ойынқұмарлар да аз емес. Сондай-ақ компьютер адам генофондына кері әсер ететін, электромагнитті сәуле шашатын радиация көзі екенін де ұмытпау керек. Компьютер басында үнемі отыра беру— адамның жүйкесін бұзып, бас, тері аурулары, қан көтерілуі, асқазан жарасы, тағы да басқа кеселдерге апарып соғады [6, 7].

Әсер етудің теріс факторларын болдырмау жолымен компьютерлік стресс синдромының туындау ықтималдығын ең аз мөлшерге дейін төмендетуге болады деген ойлар бар. Иә, солай істеуге болады, тек бұл жеке компьютер қолданушылары үшін ғана мүмкін болады, жиналып қалған стрессті компьютерлік ойындарды ойнау процесінде шығарам деушілер үшін емес. Тағыда сиқырлы шеңбер: стресстен құтылам деп келіп, екі есе стресс алады. Адам неғұрлым көп ойнаған сайын, ол шынайы өмірден соғұрлым алыстай береді де, әр түрлі комплекстер пайда болады, ұялпақ және тұйық бола бастайды. Ал енді келесі көріністі елестетіп көрейік: компьютерлік ойындардың бәрі дерлік қатыгездік жанрына құрылған. Зорлық - зомбылық сценалары, әдемі де әссм түрде экранға шығарылған, шын өмірде бар және жоқ қару - жарақтың не бір түрлері ұсынылады. Бұл ойындардың жалпы ұраны «Кімді болсын соны, қалай істеймін десенде өзін қалағаныңды істе».

Әрине бастық немесе ұстаз жұмыс уақытының ішінде көңіл күйді бұзып үлгерсе, ол адам (әсіресе жасөспірім) жиналып қалған стрессті компьютерде ойнау арқылы жоюға тырысады, бұл жағдайда адам зорлық және өлтіру элементтері бар ойындар таңдайды. Осылайша өзінің теріс эмоцияларын компьютерлік ойын кейіпкерлеріне шығара отырып стресстен құтылады. Мұнымен қатар ойнап отырған адамның ойынның көптеген кейіпкерлерінің мінез - құлықтарымен сипаттамаларын өзгертіп, өз қаталдығымен ызасын белгілі бір ойын персонажына бағыттай алады. Ойнау процесінде ойыншы өз қарсыластарына өзінің қалағанын жасай алады: қарсыласын өлтіріп, әр түрлі тәсілдермен өш алып, бойындағы агрессияларын шығарып алады. Осы әрекеттердің бәрі ойында ғана қалса әрине жақсы болар еді, ал егер адам осының бәрін өмірде жүзеге асырса ше? Психикасы осал адамдар өздерінің виртуалды әрекеттерін барлық бүге - шігесіне дейін шынайы өмірде жүзеге асырады.

Жасөспірімдердің бойында тек қана тәуелділіктерге бейім болу мәселесі емес, сондай-ақ түрлі мәселелердің болуын ескеруіміз қажет. Мысалы, қазіргі қоғамға байланысты жасөспірімдердің эмоциялық сферасындағы мазасызданудың тым жоғары болуы, агрессия, депрессия, стресс сияқты айтарлықтай мәселелерді көруімізге болады. Бұлардың барлығының себебі аддиктердің санасында балалық шақтағы психологиялық жарақаттың қалып кетуі және оның адам психикасына, жалпы, түгелдей мінез - құлқына әсер етуі мүмкін.

Осыған байланысты, Қазақстандағы өзекті мәселелердің бірі – Интернетке, интернет ойындарына тәуелділік болғандықтан және осы тұрғыдан зерттеулердің өте аз болуына байланысты Интернет ойындарына тәуелділіктің психологиялық ерекшеліктерін, интернет ойындарына тәуелді болғандардың тұлғалық эмоциялық сферасын, тәуелділіктің пайда болу механизмдері мен, балалық шақтағы психологиялық жарақаттың әсер ету ерекшеліктері зерттеу мен тәуелділіктен арылу жолдарын ойнап табу біздің қызығушылығымызды тудырып отыр.

Қысқасы, өмірдің өзі тәуелділік. Ал, тәуелділік құр тіршілік көрсеткіші болудан қалып, тікелей құлық маниясына айналса не болады? Патологиялық ауытқудың себебіне айналса ше?

Адам бәріне тәуелді ғой: өз эмоциясына, қорпаған ортасына, қоғамдық пікірге, көзқарас пен таңдауға. Бірақ, олардың ешқайсысы патологиялық қажеттілік пен ауытқуды туғызбайтыны рас. Адам өзіне "Токта" деген сөзді айта алмай, қалатын кез туғанда "Тәуелділік" өз күшіне ене бастайды.

## ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: БАСТАУЫНАН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА ДЕЙІН

Бүгінгі күні психологиялық тәуелділіктің ең шішеніскен және шешімін табу қиын мәселелердің бірі екенін көп адам елеп ескермейді. Тәуелділік деген, ол-адамның мүмкіндіктерін, қабілеттерін шеттейтін құлдыққа айналудың формасы және жеке бастағы қайғы-қасірет және тұлғалық бұзылыстарды тудыратын психологиялық себептер.

Тәуелділіктің қандай түрі болмасын адамның өзіндік жетілу жолында кедергі тудырады. Тәуелділік адамның толыққанды өміріндегі бар уақытты ұрлайды, денсаулық энергиясын бұзады.

Сондықтан да, егер дер кезінде тәуелділіктің пайда болу механизмдері мен, балалық шақтағы психологиялық жарақаттың әсер ету ерекшеліктері зерттеп, тәуелділіктен арылудан тиімді әдістерді ойлап тапсақ, әрине, бұл мәселені шешуге болады деп есептейміз.

### Әдебиеттер

1. Бабаева Ю.Д., Войскунский А.Е., Смысллова О.В. Интернет: воздействие на личность // Гуманитарные исследования в Интернете / Под ред. А.Е. Войскунского. – М., “Можайск-Терра”, 2000, с. 11-40
2. Янг К.С. Диагноз – интернет-аддикция // Мир Интернет, 2000, №2, 24-29 .
3. Suler J. Computer and Cyberspace Addiction. 1996. [WWW документ]. URL <http://www1.rider.edu/~suler/psyber/psyber.html>.
4. М.С. Иванов, Особенности зависимости от компьютерных игр. 2003.
5. Короленко Ц.П. Аддиктивное поведение. Общая характеристика и закономерности развития. // Обозрение психиатрии и медицинской психологии, 1991, №1.
6. Корнеева Е. Компьютерная зависимость: «бермудский треугольник» за углом // Мир семьи. – 2004. - № 11.
7. Кузнецов Г. Поход за силой // Компьютера. – 2000. - № 18
8. Шайдулина А.Ф. Интернет-зависимость – новая форма аддиктивного поведения у подростков // Материалы конгресса по детской психиатрии (Москва, 25-28 сентября 2001).

\*\*\*

Мақалада компьютерлік ойындарға тәуелді жасөспірімдердің мінез-құлқының психологиялық ерекшеліктеріне сипаттама берілген. Тәуелділіктің себебі ретінде аддиктердің санасында балалық шақтағы психологиялық жарақаттың қалып кетуі және оның адам психикасына, жалпы, түгелдей мінез – құлқына әсер етуінің мүмкіндігі жормалданып, осы мәселені шешуде балалық шақтағы психологиялық жарақатпен жұмыс жасаудың тиімді әдістерін ойлап табу жоспары жайлы айтылған.

\*\*\*

В статье дается описание психологических особенностей поведения подростков. Предполагается что причиной зависимости является наличия психологической травмы детского возраста и его остатки в сознании аддиктов и возможность их влияние на поведение в целом, предложен план создания разработки оптимальных и эффективных методов работы с психологическими травмами детского возраста.

\*\*\*

In article the description of psychological features of teenagers' behavior is represented. It is assumed that existence of a psychological trauma among children and its existence in the consciousness of addictive person could be the reason of the dependence process. This could influence their behavior. The plan of effective methods of working with childhood trauma is offered.



*Б.У. Пахратдинова*

*Н.С. Жұбаназарова*

**СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТЕНУ  
ПРОЦЕСІНДЕГІ ЭМОЦИЯЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРДІҢ ДАМУЫНЫҢ  
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Адамның өмір жағдайының ауысып тұруына байланысты ХХІ ғасырдың басында қоғам жоғарғы деңгейдегі шығармашылық инициатива, мобилділік, бәсекеге төзімді, шешім қабылдауға жауапкершілігі бар және өз іс-әрекетінің нәтижесіне байланысты кәсіби мамандарды дайындауға болысты [1]. Отандық жоғарғы мектептің бірден-бір мақсаты- ол жас студенттердің тек кәсіби құзыретті дамуы ғана емес, сонымен қатар өмірлік және кәсіби мәселелерді әлеуметтік тұрғыда шеше алуы.

Халықаралық тексерудегі баяндамада білім бері бойынша ХХІ ғасыр үшін білім бері бағытын көрсетті:

- Танып білуді үйрену
- Істеп білуді үйрену
- Бірге өмір сүруді үйрену
- Өмір сүруді үйрену

Жоғарыда көрсетілген білім беру бағыттарға байланысты ЖОО-ғы білім беру мен тәрбие ұйымы жаңа бағыттар үшін әлеуметтік-инициативті іс-әрекеттегі белсенді процесте әр тұлға шығармашыл дарынды дамуы тиіс. ЖОО-ғы студенттердің құрылған негізгі құзыреттіліктерінің арасында әлеуметтік құзыреттілік әлеуметтік қатынасты құру үшін, тұлғаралық өзара қатынасты түсіну үшін маңызды болып есептелінеді [2,3].

Кәсіби дайындық әлі күнге дейін ғылыми негізді оқудағы теорияда құрылады және әлеуметтік аспектке аз көңіл бөлінеді, солардың арасында- әлеуметтік дағды мен білімнің, әлеуметтік инициативаның, лидерлік және және т.б. дамуы. Жұмыс берушілердің айтуынша. ЖОО түлектерінде әлеуметтік қатынас құру қиынға соғады. Сонымен қатар, тұлғаралық, мәдениаралық қарым-қатынаста болған мәселелерді анализдегі алмайды.

Бұл өзекті мәселенің бір шешімі- кәсіби дайындықтағы сырттай оқу мен оқу ішіндегі жүйе құрушылардың дамуы мен құрылуының байланысы болуы. Кәсіби білім беруде әлеуметтік құзыреттіліктің дамуы-ерекіпе технологияны қажет ететін, үзілмес процесс. Бірақ, технологияны білу үшін «әлеуметтік құзыреттілік» категориясының негізін түсіну қажет [4].

Кесте 1 - Әр ғалым әлеуметтік құзыреттілікке әр түрлі анықтама береді:

Автор	Әлеуметтік құзыреттілік деген не...
Асмолов А.Г.	Субъект пен органың спецификалық қатынас жүйесінің дамуының әлеуметтік жағдайдың өнімі, оның уайымдарында бейнеленетін және басқа адамдардың бірлескен іс-әрекетінде іске асады.
Зимняя И.А.	Жымытық түсінігі, адамның әлеуметтенуінің анықтаушы деңгейі, әлеуметтік белсенділіктің жоғарғы деңгейі мен іс-әрекеттің менгерілуі; тұлғаның моральді және құқықтық есепі, өзіне деген, қоғамға, іс-әрекетке деген қатынасында адамның әлеммен өзара қатынасы.
Мачехина О.Н.	Әр адамда құрылатын әлеуметтік іс-әрекет, әлеуметтік дағды мен білім, әлеуметтік-тұлғалық сипаттама жайлы кенді білім.
Почебут Д.А.	Әлеуметтік білім мен дағдының конструктивті қидану қабілеті, формалді және формалді емес әлеуметтік байланыс жүйесін сәтті құру, ол бейімділік пен өзара шынайылықтың әлеуметтік өзара қатынас жүйесінде қамтамасыз ету.
Белицкая Г.Э.	Әлеуметтік белсенді тұлғаның жоғарғы деңгейі- әлеуметтік іс-әрекеттің дамуы мен негізі, іс-әрекет, жүріс-тұрыс, қарым-қатынаста жету процесі.
Сивкова Г.И.	Сенімді жүріс-тұрыстың болуы, яғни әр түрлі автоматтандырылған дағдыны іске асыратын, пайда болған жағдайға байланысты адамды өзгертетін.